



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 “Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы” Жарлығын іске асыру аясында Со-



зақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының Жартытөбе ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 29 қыркүйек сағат 11.00-де Жартытөбе ауылдық клубында өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 29 қыркүйек сағат 12.30-да Жартытөбе ауылдық клубында өтеді.

Құмкент ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 29 қыркүйек сағат 15.00-де Құмкент ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 29 қыркүйек сағат 16.30-да Құмкент ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Шолақорған ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 30 қыркүйек сағат 11.00-де Шолақорған ауылдық округі әкімдігінің мәжіліс залында өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 30 қыркүйек сағат 12.30-да Шолақорған ауылдық округі әкімдігінің мәжіліс залында өтеді.

Таукент кенті тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 30 қыркүйек сағат 16.00-де Таукент кенті мәдениет үйінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 30 қыркүйек сағат 17.30-да Таукент кенті мәдениет үйінде өтеді деп жоспарлануда.

Аудан тұрғындарына ХАБАРЛАНДЫРУ

2022 жыл 22 қыркүйек күні Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесінде «Орталық саябақтың» алдында “Алтын күз-2022” мерекесіне орай аудандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесі, «Биогумус» өндірісі бойынша семинар және ауыл шаруашылығы техникаларының көрмесі өтеді.

Құрметті аудан тұрғындары!

Жәрмеңкеге келіп, қолжетімді бағада ауыл шаруашылығы өнімін алыңыздар және семинарға қатысып, ауыл шаруашылығы техникалары көрмесін тамашалаңыздар!

Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 77-сессиясына қатысу үшін Нью-Йоркке жұмыс сапарымен барды, деп хабарлайды Egemen.kz.

Президенттің баспасөз қызметі Қасым-Жомарт Тоқаевтың жұмыс кестесін жариялады.

Соған сәйкес, бүгін Мемлекет басшысы JPMorgan Chase & Co, Citі, Goldman Sachs, NASDAQ секілді жаһандық қаржы институттарының басшыларымен кездесу өткізеді.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Boeing, ExxonMobil, General Electrics, Wabtec,



Мемлекет басшысы жұмыс сапарымен Нью-Йоркке барды

Microsoft сияқты транслттық компаниялардың жетекшілерімен, сарапшылар тобының өкілдерімен кездеседі.

«20 қыркүйекте Президент БҰҰ Бас Ассамблеясы-

ның Жалпы дебатында сөз сөйлейді. Бұдан бөлек, БҰҰ Бас хатшысымен, Еуропалық Одақ басшылығымен және бірқатар мемлекет басшыларымен олардың өтініші бойынша кездесулер өткізу жоспарланып отыр»,

делінген хабарламада.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі жаһандық саммитке қатысатыны айтылды.

Қазақстанда мемлекеттік қызметшілерге қосымша бонустар төленеді

Ұлттық экономика министрлігі «Әкімшілік мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Үкімет қаулысының жобасын дайындады, деп хабарлайды Egemen.kz.

Құжат мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге олардың жұмысын бағалау нәтижелері бойынша ақшалай сыйақы төлеу тәртібін бекітуді көздейді.

Мәселен, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне бонустар төлеу «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне сәйкес жүргізілетін бағалау нәтижелері негізінде тағайындалады.

«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне бонустар төлеу «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың үлгілік әдістемесіне сәйкес жүргізілетін бағалау нәтижелері негізінде тағайындалады.

Бонустарды төлеу мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесінде бонустық қорды қалыптастыруға көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.

Бұл ретте бонустар жыл қорытындысы бойынша төленеді.

Әкімшілік мемлекеттік қызметшіге ол сынақ мерзімін аяқтаған және есепті кезеңде

оның қызметін бағалау басталған күнге кемінде үш ай мемлекеттік қызметте жұмыс істеген жағдайда бағалау нәтижелері бойынша бонус төленеді деп көзделуде.

Әкімшілік мемлекеттік қызметші бір лауазымнан мемлекеттік орган ішіндегі немесе


бір мемлекеттік органның басқа мемлекеттік органға бір жыл ішінде басқа лауазымға ауысқан кезде бонус ол бұрын атқарған лауазымындағы нақты жұмыс істеген уақытына, сондай-ақ талаптарға сәйкес келген жағдайда жаңа атқарған лауазымы бойынша пропорционалды түрде есептеледі.

Құжат 3 қазанға дейін жария талқылау үшін Ашық НҚА сайтында орналастырылған.

«А» корпусына комитеттердің төрағалары, жауапты хатшылар, аппарат басшылары, сондай-ақ облыстар, Астана, Алматы, Шымкент әкімдері аппараттарының басшылары кіреді.

«Б» корпусына «А» корпусына енгізілмеген орындаушы мемлекеттік қызметшілер, оның ішінде Парламент палаталары аппаратының, Премьер-Министр Кеңесінің, Конституциялық Кеңес аппаратының, Ортсайлаукомның және т. б. қызметкерлері жатады.

«Егемен Қазақстан» газетінен.



ҮНДЕУ

«Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлық акциясына қатысуға шақырамыз

Құрметті қазақстандықтар!

1-қазан-Халықаралық қарттар күні жақындап келеді. Бұл күн біздің аға буынға ризашылығымызды білдіріп, шынайы көңіл бөлуімізге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың қажеттіліктеріне назар аударуға жақсы себеп. Қарияларды қолдау, оларға қамқорлық көрсету аға буынға көрсеткен парызымыздың аз ғана бөлігі, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен жылдар бойы елімізде қазан айы «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлығы акциясына

ұласып келеді.

Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын тыңдап, алдынан кесе көлденең өтпеген. Елімізде қарт адамдарға деген қамқорлық жыл сайын артуда.

Мемлекетіміз қарт адамдарға деген қамқорлықты экономикалық дағдарыс кезінде де тоқтатқан емес. Дегенмен, елімізде әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж егде адамдар бар.

Әлемді жайлаған экономикалық қиындықтар біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Бүкіл әлем күрделі әрі маңызды кезеңді бастан өткізуде.

Кейбір қариялар жасы

ұлғайған шағында жылулық пен мейірімге зәру. Барлық қазақстандықтарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылым өкілдерін, аға буынның ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұлықтауға, «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлық акциясына атсалысуға шақырамыз.

Өз елінің патриоты ретінде акцияға бей-жай қарамайтын азаматтар жергілікті әкімдіктермен, өңірлік ардагерлер кеңестерімен байланысқа шығып үлестеріңізді қосыңыздар.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі.



Аудан әкімі жеке қабылдау өткізді

Аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы тұрғындарды жеке мәселелері мен өтініштері бойынша қабылдады. Қабылдауға аудан әкімінің орынбасары мен салалық бөлім басшылары, ауыл, кент округ әкімдері қатысты.

Тұрғындар жеке қабылдауда өздерінің мәселелері бойынша жүгінді. Олар жұмыспен қамту, тұрғын үй кезегі, медициналық көмек алу, жер дауы бойынша мәселерін алға тартты. Аудан әкімі әрбір тұрғынның жеке мәселесін мұқият тыңдап, бірқатарына заңдылыққа сәйкес жауап берді. Бірқатар жұмыс сұраушылардың мәселесін шешу үшін тиісті бөлім басшыларына тапсырма жүктеді.

Созақ ауданы Таукент кентіне сайланған әкім туралы қорытынды ХАБАРЛАМА

1.Таукент кенті әкімін сайлаудың қорытындысы:

2022 жылдың 18 қыркүйегінде өткен Таукент кенті әкімі сайлауына 4384 сайлаушының 3304 сайлаушы қатысып өз таңдауын жасады. Таукент кенті әкімдігіне «AMANAT» партиясынан ұсынылып тіркелген кандидат Маманов Серік Сахиұлына 2442 дауыс, өзін

— өзі ұсынған Аманов Ербол Нышаналиевичке 798 дауыс, бәріне қарсы 39 дауыс берілді. Басым дауыспен «AMANAT» партиясынан ұсынылған Маманов Серік Сахиұлы Таукент кенті әкімі болып сайланды.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Өткен аптада Созақ аудандық қоғамдық кеңесінің отырысы өтіп, аудан әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің басшысы Е.Айдарбеков 2022-2024 жылдарға арналған бюджеттің 2022 жылға

бағытталған бөлігіне біршама өзгерістер енгізу бойынша хабарлама жасады. Жан-жақты талдаудан соң, кеңес мүшелері ұсынысты бірауыздан қолдап, тиісті шешімдер қабылдады.



Чемпионға құрмет көрсетті

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, джиу-джитсудың екі түрінен Азия чемпионы атанған Ақбар Елубайұлын қабылдап, құрмет көрсетті.

«Халықаралық спорттық жарыстарда биік белестерден көрініп жүрген Ақбардың жетістіктері жастарға үлгі. Талантты спортшыларды қашанда қолдауға тырысамыз. Көк туымызды жыл басынан бері Испания, Өзбекстан мемлекеттерінде желбіретіп жүрген өзіңе, аудан әкімдігі атынан алғысымызды білдіремін,» деді Мұхит Тұрысбеков.

Аудан басшысы спортшыға, алғашқы жаттықтырушысы Бақытжан Бейсенбаевқа алғыс хат табыс етіп, сый-сияпат жасады.

Өзі алғаш күрестің әліппесін үйренген аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде шеберлік сабағын өткізіп, балғын палуандармен кездесті.

Ақбар Елубайұлы-Өзбекстан мемлекетінің Бұқара қаласында 8-11 қыркүйек айында джиу-джитсудан Азия чемпионатында жеңімпаз болып, тұғыр биігінен көрінген болатын.

Қазан, қараша айында «Naiza» fighting championship кәсіпқой промоушінінде өнер көрсетеді.

«Созақ үні»-ақпарат.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТКІЗІЛДІ

Аудан әкімдігіне қарасты бөлімдер мен мекемелер қызметкерлерінің қатысуымен кезекті мемлекеттік қызметтер көрсету жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкенің мақсаты — тұрғындарға мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ақпараттандыру, оның ішінде электронды түрде көрсетілетін қызметтерді



кеңінен насихаттау мен мемлекеттік орган өкілдері тарапынан салалық кеңес беру. Іс-шараға жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, халықты жұмыспен қамту орталығы, аудандық полиция бөлімінің көші-қон қызметі, аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы, аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі мен аудандық орталық аурухана мамандары қатысты. Онлайн жүздесуде халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі түсіндірілді. Одан бөлек, мемлекеттік қызметтерді алу бойынша ақпараттық-әдістемелік көмек берілді. Сонымен қатар, «Электронды үкімет» порталы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді алу мүмкіндігі мен олардың қолжетімділігі, қызмет алушылардың құқықтары туралы насихаттық жұмыстар жүргізілді. Тікелей эфир барысында келіп түскен сұрақтарға толыққанды жауаптар берілді.

Жолдау аясында ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» атты Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауы аясында «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалының атқарушы хатшысы Сағындық Ернар Құралбекұлы мен Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің басшысы Олжас Төлепбергнұлы аудан жастарымен кездесті.

Кездесу барысында Созақ ауданының белсенді жастары өз ойларымен бөлісіп, Жолдауда айтылған жастарға арналған бағыттарына тоқталып, қолдайтындығын білдірді. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті Жол-

дауы жайлы терең түсіндіріп баяндама оқыған Ержігітов Ербол әрбір бағытқа егжей-тегжейлі тоқталып өтті.

Жолдау азат елдің озат ойлы жалынды жастары үшін зор қуаныш және жарқын жетістіктерге жол ашатын мүмкіндіктердің бастауы болды.

Жолдауда жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие берілетіндігі, 100 мың жастың жұмыспен қамтылуы, Қазақстандық балалардың арнайы шоттары 2024 жылдан бастап 18 жасқа толғанша Ұлттық қордан (жылдық инвестициялық кірістің 50 пайызы) ақша аладындағы күллі жастар қауымының сенімін нығайта түсті.

«Созақ үні»-ақпарат.

Әйелдер бизнес биігінде



Түркістан облысының Кәсіпкерлер палатасы жанындағы Іскер әйелдер Өңірлік кеңесінің бизнес-форумы өтті. Бұл іс-шара «Ұлы дала елі» ғимаратының мәжіліс залында өтті.

Форумға Түркістан облысы Кәсіпкерлік және сауда басқармасының басшысы Иманқұлов Н.Н., Түркістан облысы Өңірлік кеңес мүшесі Курбаналиев А.Ж., Түркістан облысы прокуратурасының қоғамдық мүддені қорғау басқармасының бастығы Боранбаев Н.Қ., «Түркістан» медиа-холдингінің бас директор орынбасары Қалыбай А.П., «AMAN-AT» партиясы Түркістан облыстық филиалының заңгер-кеңесшісі Естебеков Н.А., Халықаралық туризм және меймандостық университетінің проректоры Қ.Аралбекова, Түркістан облысы мәслихатының депутаты, ЖШС «Қуаныш» директоры-Намазбаева И.Ә., Шымкент қаласының іскер әйелдер кеңесінің төрайымы, «Асыл Арман» компаниясының директоры Архабаева А.Н., Түркістан облысы мәслихатының депутаты Тажибаева Г.К. және өңірден 200-ге жуық бизнес-ханымдармен

өз ісін енді бастаған кәсіпкерлер, үкіметтік емес ұйым басшылары қатысты.

Алғашқы сөз «Атамекен» Түркістан облысы кәсіпкерлер палатасы директорының міндетін атқарушы - Ибадуллаев Асылан Сейілбекұлына беріледі. «Бәрімізге белгілі, бизнесті сәтті жүргізу үшін барлық жағдай жасалған. Тек жұмыс істеп, тәжірибе алмасып, қиындықтарға тайсалмау керек. Біздің мақсатымыз – мыңдаған әйелдердің арманының орындалатынына көз жеткізу және гендерлік саясат шын мәнінде жұмыс істейтіндігін дәлелдеу», – деп атап өтті.

Түркістан облысы бойынша «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы жанынан құрылған іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Төлегенова Салтанат ханым кеңестің атқарған жұмыстарын баяндап, алда тұрған жоспар жобаларды назарға қойды.

Бұл форумның мақсаты – әйелдерге өздерінің бизнес-идеяларын жүзеге асыруға көмектесу және бастаушы кәсіпкер келіншектерді қолдау болып саналады. Қатысушылар бизнесте орын алып отырған мәселе-

лерді жан-жақты талқылап, жан басын қаржыландыру тағы басқа көптеген мәселелер және өз бизнестерінің шыңына шығу жолында жеткен жетістіктерімен, тәжірибелерімен бөлісті.

Форум барысында облыс Кәсіпкерлік және сауда басқармасының басшысы Нұрбақыт Иманқұлов және Халықаралық туризм және меймандостық университетінің проректоры Қ.Аралбекова, облысымызда әйел кәсіпкерлердің рөлінің зор екенін, қыз – келіншектерге ісін бастауға қолдау көрсетіп, дамытуына атсалысып, бар күшін салғаны үшін ризашылықтарын білдірді.

Бизнес-форумда өңірдегі кәсіпкерліктің дамуына үлес қосқан іскер әйелдер алғыс хатпен және медальмен марапатталды. Форум қорытындысында, өңіріміздің атақты дизайнерлерінің өз қолынан шыққан этно-үлгіде және заманауи үлгідегі туындылары таныстырылды.

Іскер әйелдер кеңесі бұндай жетістіктерге, маңызды ұйымға айналады деп көптеген адамдар сенімсіздік тудырған. Бірақ белсенділігін арттыру мақсатында әйелдерді бір одаққа біріктіріп, қыз-келіншектерге мүмкіндігінше кәсіпкерлікті дамытуға дұрыс серпін беріп үлкен жетістіктерге жеткізді. Әр әйел өз армандарын жүзеге асыруға құқылы.

Облыс көлеміндегі белсенді әйелдер түрлі марапаттармен марапатталды. Біздің ауданнан «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшелері, облыстық кеңес мүшелері Н.Майусова, Бибімария Тұрмаханова, Күләйім Дүйсенбекова, Қарлығаш Жамиева «Халық құрметі» медалімен, Эльмира Бейсекұлова «Алғыс хатпен» марапатталды.

Нұржамал МАЙУСОВА,
Форум делегаты.

Жолдауды қолдау

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси реформалардан кейін экономикалық жаңғыртуды қамтыған Жолдауын Қазақстан халқына жолдауы әділетті қоғам құрудағы нақты қадам болды Жолдау өте ауқымды барлық саланы дерлік қамтып, нақты мақсатты көрсеткіштермен айқындалған.

Жолдауда қарастырылған бес бағдар: экономикалық саясат, нақты секторды дамыту, ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция, мемлекеттік басқару ісін қайта жаңғырту, заң мен тәртіп бәрі жалпы күн тәрті-



ЖОЛДАУ-ХАЛЫҚ СҰРАНЫСЫНА ҚАДАМДЫҚ ЖАУАП

бінен туындаған ел сұранысымен үндес. Мемлекет басшысы саяси жаңғырту экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс деді.

Жолдауда Мемлекет Азамат Бизнес арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертуге үлкен мән берілген. Жолдаудың мәтінінде Мемлекет-68, Үкімет-57, Жаңа-42, Ұлт-32, Міндет-29, Заң-28, Экономика-28, Қоғам-28, Бизнес-28, Дамыту-23, Қазақстан-22, Реформа-21, Халық-20, Азамат-20 рет қайталанатын. Мемлекеттің бизнесті қолдауы арқылы бәріне бірдей тең мүмкіндіктер жасау, бәсекелестікті нығайтуға, халықтың әлеметтік табысын арттыруға алып келеді. Жолдауда әлеуметтік міндеттемелерге құйылатын қаражат та төмендемейді. Ұлттық табысты тең бөлу-экономикалық реформаның басты бағыты. Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аудару «Ұлттық қор» балаларға бағдарламасы ұсынылды. Жинақталған қаржыны бала 18 жасқа толғанша ешкім есепшоттан шешіп ала алмайтыны одан сайын қуантты. Балаларының болашағы үшін алаңдайтын әрбір ана үшін бұл ұсыныс ертегідегідей сияқты естілді. Негізінде демографиясы мен экономикасы қатар дамыған елдер қуатты ел үрдістерінде бұндай жүйенің қалыптасуы тиімді, әрі адамдарды ынталандырады, сенімге алып келеді. Бұл адам капиталын дамытуға салған мемлекеттің инвестициясы. Бірден-бір мәселе жаңа Салық кодексінің енгізу туралы. Салық жүктемесін азайту үшін салықтан жалтаруды болдырмау тетігі жаңа Салық кодексінде қарастырылатын, қарапайым бөлшек сауда салығын қолдану аясын кеңейту енгізілетін болады. Салық реформасы Салық түсімін өңірлерге беру Салық саясатының тиімділігіне арналған біраз тұжырымдар жасалған. Ұлттық қордың тиімсіз пайдалану тоқтатылады деп нақтыланған. Салық түсімін өңірлерге беру саясаты да көңілге қонымды өңірдіңда-

муына әсер ететін көрсеткіш. Жаңа бюджет кодексінің қабылдау үпісіп жеткен мәселе. Бәрі де халық үшін оның денсаулығын жақсартуға қолдау десек, 650 елді мекенде емдеу мекемесі жоқ. Алдағы уақытта 32 аудандық аурухана жаңарды, фельдшерлік пункттер салынады. Ең төменгі жалақыны 60 мыңнан 70 мыңға дейін жоғарылату, 2023 жылдан бастап әлеуметтік әмиян іске қосылуы елдің еңсесін көтеріп тастады. Келесі жылдан бастап 100 мыңға жасқа жұмыс беру керек, демек жаңа эккономикалық саясатты жүзеге асырғанда жаңа жұмыс орындары пайда болады деген ұғым. Көптен бері қозғалмай кеткен идеологиядағы олқылық ұрпақтың болашағы кім кімді болса да алаңдатады. Нашарлықпен есірткі саудасымен күрестің көшенді жоспарын әзірлеу тапсырылды. Президент мандатын ұзақтығы 7 жылдық мерзіммен шектеуді және Мәжілістің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауын келесі жылдың бірінші жарты жылдығында өткізуді ұсынды. Қаңтар оқиғасына адасып қатысқандарға бір реттік рақымшылық таныту жөнінде айтып, ел бірлігі ауадай қажет екеніне тоқталды. Қоғамдық қауіпсіздік қолға алу мәселесі өзекті десек, отбасындағы зорлық зомбылықты да талдап зерделеу, қолға алу, бүкіл қоғам тұтас ұлт болып күресу міндеті алдымызда тұр. Жалпыұлттық күн тәртібінде тұрған мәселелерді Президент Жолдауында көрініс тапқанын бағыттарынан айқын көріп отырмыз. Шешу жолдары да айқындалған. Бәрі де сапалы ұлт үшін, ел дамуы үшін. «Күшті Президент-Ықпалды Парламент-есеп беретін Үкімет» формуласы Жолдауда сәйкестік тауып, Әділетті Жаңа Қазақстанның қадамдарын бастап жатыр.

Калийма ЖАНТӨРЕЕВА,
«AMANAT» партиясы
Түркістан облыстық филиалы Атқарушы хатшысының орынбасары,
Түркістан облыстық мәслихатының депутаты,
Түркістан облысының Құрметті азаматы.

ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ СЕНБІЛІК ӨТТІ

17 қыркүйек - «Дүниежүзілік тазалық күні (World Cleanup Day 2022)» экологиялық акциясы аясында Созақ ауданында сенбілік өтті.

Сенбілікке аудан әкімдігіне қарасты, бөлім, мекеме қызметкерлері қатысты. Тазалық шарасына белсенді ауыл тұрғындары да атсалысты. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, сенбілік жұмыстарын бақылап бөлім, мекеме басшыларына тапсырма берді.

Тазалық аясында жанашыр тұрғындармен сенбілікке қатысушылар, мекеме ауласын, көше бойларын тазалады. Бөлім, мекемелер өздеріне бекітілген секторды қоқыстан тазартып, абаттандыру жұмыстарын жүргізді. Тал көшеттері әктеліп, тұрмыстық қалдықтар жиналды. Аула және көшелерді, арық-атыздарды қоқыстан тазартты.



Мәселен, аудан бойынша тазалық жұмыстарына 784 адам тартылып, 53 тонна күл қоқыс шығарылды. Іске 4 техника жұмылдырылды. Әр мекеме өзіне жүктелген аймақта тазалық жұмыстарын жүргізіп, қоқыстар ауыл сыртындағы полигонға шығарылады.

«Созақ үні»-ақпарат.

2022 жылдың қаңтарында «20-50 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның материалдары. XX ғасыр» сериясынан мұрағат құжаттарының алғашқы жинақтары жарық көрді».

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин мемлекеттік комиссия қызметінің қорытындылары туралы сұхбатында атап өткендей, «қуғын-сүргін мәселелерін зерттеу төңірегінде біршама академиялық және сараптамалық әлеует шоғырланған. Әртүрлі ғалымдар, тіпті жеке ұжымдар бұрын бұл мәселені белсенді түрде зерттегенмен бұл күш-жігер шашыраңқы болды. Сондықтан, Мемлекеттік комиссияның басшылығымен қуғын-сүргін тарихын зерттеуге атсалысқан ғылыми-сараптамалық ортаның барлық негізгі өкілдері біріктірілді».

Бұл жұмыстар Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның (2021 жылғы 24 маусымдағы Мемлекеттік комиссия отырысы хаттамасының 3.3 тармағы) және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының тапсырмасына сәйкес жарияланды (2021 жылғы 19 тамыздағы хаттаманың 1.1 тармағы).

«Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жж.)» (I том. / Е.Т. Қариннің жалпы редакциясымен. – Нұр-Сұлтан, 2022. – 622 б.) атты бірінші том 1920-1950 жылдар ара-

куші бар, рулық артықшылықтары мен экономикалық үстемдікке ие, ауылды кеңестендіруге кедергі келтіретін байлар...

Совнарком Төрағасы Нұрмақов
Хатшы Петрова

№ 81 құжатқа қарағанда Қазақстан территориясы көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аймақтар болып бөлінген сияқты. Және осы көшпелі аймаққа Созақ ауданы да кірген. Яғни, байларды тәркілеу науқаны кезінде көшпелі аймаққа кіретін Созақ ауданының байлары басқа аудандардың байларына қарағанда көбірек зардап шеккен. Сөзімізге дәлел ретінде мына құжатты келтіре аламыз:

№ 43 құжат
«Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарын бекіту туралы» Қазақ АССР Совнарком Қаулысы

Қызыл Орда қ. 30 тамыз 1928 жыл

1. Көшпелілер аудандары:
Сырдария округы, аудандары:
Қызыл құм
Созақ
Сарысу
Шу

Қазақ АССР Совнарком Төрағасы



Жомарт ЖЕҢІС,
Тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, PhD Доктор.

тылған халыққа қолдан келген жәрдемің аямауға тырысқан тұлғалардың да болғанын байқаймыз. Өкінішке орай, осындай жазықсыз қудаланған тұлғалардың да жауыз жүйенің қырағы бақылауына ілігіп, жазаланғанын байқаймыз. Мысалы, 1944 жылы мамырда жасалған мына құжатта сонау 30-жылдардағы істі қайта көтеріп, жаңғыртып отырғанын көруге болады.

№ 235 құжат

Бекітемін
ҚазКСР мемлекеттік қауіпсіздік наркормының орынбасары
Мемлекеттік қауіпсіздік майоры Сәкен
24 мамыр 1944

Қаулы
(мұрағаттық агентуралы-бақылау ісін қарау нәтижесі туралы)

Алматы 20 мамыр 1944 жыл

Мен, «В» бөлімінің бастығының орынбасары, мемлекеттік қауіпсіздік подполковнигі Шумилов, мұрағаттық агентуралы-бақылау № 194 «Жаңақорған» ісін қарап отырып:

- Умбетаров (аты белгісіз), Созақ ауданы ВКП (б) РК бұрынғы хатшысы, басқа мәлімет жоқ;
- Құлбаев (аты белгісіз), осы ауданның райзо бұрынғы меңгерушісі, басқа мәлімет жоқ;
- Антикин (аты белгісіз), осы ауданның

20-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ СОЗАҚ АУДАНЫНДАҒЫ БАЙЛАРДЫ ТӘРКІЛЕУГЕ ЖӘНЕ ҚУДАЛАУҒА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР

лығындағы Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргінге негіз болған нормативтік құқықтық актілер мен құжаттарды қамтиды. Құжаттардың едәуір бөлігі алғаш рет жарияланып отыр. Жинаққа енген құпиясы жойылған мұрағат құжаттары жаппай қуғын-сүргін құрбандарының әртүрлі санаттарына қатысты репрессиялық саясаттың құқықтық және саяси негіздерін, нақты тетіктерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік комиссияның 2021 жылғы 8 сәуірдегі бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қ.Е. Көшербаевтың 2021 жылғы 1 сәуірдегі № 21-32-3.4 бұйрығымен Мемлекеттік комиссияның, оның жұмыс топтары мен кіші комиссияларының қызметін қамту мақсатында саяси қуғын-сүргін құрбандарының бірыңғай республикалық дерекқорын және тиісті электрондық ресурсты құру бойынша жұмыс басталды (Интернет порталы).

Интернет-порталдың құрылымы мен мазмұнын әзірлеумен осы жолдардың авторы қызмет ететін Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті мен Мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсесінің тікелей қатысуымен және республикалық жұмыс топтары мен қосалқы комиссиялардың келісімі негізінде айналысады. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының бірыңғай республикалық дерекқорының негізін республикалық жұмыс топтары мен кіші комиссиялардың мүшелері ұсынған материалдар құрайды. Деректер базасы жаңа материалдармен және ақпараттармен анықталып, жинақталып, ғылыми айналымға түскен сайын толықтырылып отырады деп жоспарлануда.

Жұмыс тобының мүшесі ретінде, жинаққа енген материалдардың ішінен өзін туып, өскен Созақ ауданындағы сталинизм құрбандарына қатысты мәліметтерді анықтап, оларды көпшілік назарына ұсынуы жөн көрдім.

Ең алдымен, сол жылдары ауданымызда еңбек еткен байлардың қандай топтары тәркіленіп, қудалаудың тырнағына ілінді, байларға кімдер жатты, осы сұрақтарға төмендегі сұрақтар арқылы жауап іздейік:

№81 құжат
1928 жылдың 27 тамызындағы Қазақ КСРО ОАК ХКК «бай шаруашылықтары тартып алу мен тәркілеу туралы» Қаулысын іске асыру бойынша нұсқаулық

Қызыл-Орда қ. 30 тамыз 1928 жыл

1. Тартып алуға жататындар:
Көшпелі аудандарда ірі қараға шаққанда 400 бастан астам малы бар байлар, жартылай көшпелі аудандарда 300 ден аса, ал отырықшы аудандарда 150 ден аса малы бар, әлеуметтік тұрғыда қатерлі, айналасындағы халықты билеп төстеуге

Нұрмақов
Хатшы Петрова

Мұрағат құжаттарын саралау кезінде байлардың елге келе жатқан қауіпті сезіп, малынан айырылған халықтың аштан қырылатындығын алдын ала біліп, өз отбасына ғана емес, ауылдағы ағайынға талғажау болып отырған қорадағы малды қалай болғанда да аман алып қалудың жолын іздестіргенін байқаймыз. Ел қамын ойлаған байлар малдарын туыстарына бөліп беріп, артығын сатып, не болмаса басқа тұлғаларға уақытша пайдалануға берген. Сонда да қазақты аштан қыруды мақсат еткен сол кездегі қанішер билік бұлардың артынан шам алып түсіп, қудалауын қоймады, ақыры мал мүлкін тәркілеп, өздерін істі қылды. Бұл сөзімізге мына құжаттар куә бола алады:

№ 90 құжат
Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың Өкілетті Әкілінің Қазақ АКСР бойынша тәркілеудің барысы туралы ақпараттық мәліметі

Қызыл-Орда қ. 8 қыркүйек 1928 жыл

Аса құпия

...Байлардың кедейлер мен кеңестік аппаратқа ықпалы туралы. Кедейлер мен кейбір ауыл әкімшілігінің өкілдерін тәркілеуден қорғану мәсілі ретінде пайдалануға мақсатында байлар оларды қонаққа шақырып, материалдық қолдау көрсетуге уәде беруде.

Осындай жыын партия қызметкерлері мен ауылсоветтің Созақ ауданы мен Түркістан ауданында орын алып отыр. Осының нәтижесінде ауылдың кейбір лауазымды тұлғаларының байларға көңілдеуіне қатыстығы мен олардың өз малдарын жасыруға немесе жалған анықтамалар мен актілер арқылы жасыруға және сатуына көмектесу кездеседі.

Қосымшада көрсетілген Сырдария округінің Түркістан ауданының бұрынғы Созақ болысының № 2 ауылының бай атқамінері Бабажан Дүсімов пен басқалары тәркіленуден қорқып, кедейлер мен жергілікті билік өкілдерінің арасына сына қағу мақсатында арнайы ас беріп, кеңес өткізіп оған жергілікті партияқызметкерлері мен ауылсоветті де шақырып, өзара достық пен байланысқа шақырған. «Бірлікте болып, бейбіт өмір сүрейік, кедейлер өзара артелдерге кіре берсін, біз оларға кедергі келтірмейміз, баяғыдай жерді ортақ пайдаланып, қолдан келген көмегімізді аямаймыз» деп олардың уәдесін алған».

Қол қойған: Сергеев
Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың Өкілетті Әкілінің бастығының орынбасары Федоров
Өкіл көмекшісі Балакин

Ауылдағы Бай мүлкін тәркілеу бой-

ынша жүргізіліп жатқан науқан туралы 1928 жылдың 21 қыркүйегіндегі жағдай

Қызыл Орда қ. 24 қыркүйек 1928 жыл

Шаруашылығын бөлшектіп, уақытша пайдалануға беру арқылы малын жасыру

№ 4 ауылдың байы Досмұхаммедов Сәрсенбай, Досымов Бабажан, Джачиберов Тауықбай, Тәуірбаев Терекбай өз малдарын сатқанымен қоймай басқаларын да осыған үгіттеп жүр

Сырдария округінің Түркістан ауданының бұрынғы Созақ болысының № 11 ауылының байы Нұрқам Ахметов 900 қойы, 30 жылқысы, 80 түйесі мен біршама ірі қарасы бар және № 4 ауылдан Имамбай Есенбеков тәркіленуден қорқып, өздерінің ауылдас кедей туыстарына бөліп берген. Мысалы Ахметов кедей туысы Байсай Мәребековке 50 бас малын процентке берген.

Малдарынан айырылып, ашаршылық пен қудалау қаупінен үріккен ел ар жағы Қытай мен Ауғанстан, бер жағы Тәжікстан мен Өзбекстанға бас сауғалап қаша бастайды. Жол жөнекей жол азабы мен ауру сырқаудан арып ашқан босқын елдің ол жақтағы жағдайы да оңай тұрмады. Біразы сол жақта КСРО ыдырап, Қазақстан тәуелсіздігін алғанша қалып қойса, аман қалған бір бөлігі елге оралады. Аштықтан арып ашқан босқын жұртты бұл жақта сол баяғы қылышынан қан тамған НКВД ғана күтіп отырды. Осы жағдайға байланысты мына мұрағат құжаттары куәлік етеді:

№128 құжат
«көшіп кетушілердің қайта оралуы мен олардың шаруашылықтары туралы» Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың Құпия саяси бөлімі арнайы мәліметі
Мәскеу 1932 жыл 2 қыркүйек

Аса құпия
Оңтүстік Қазақстан облысы Қаратас, Әулие ата және Ленгер аудандарына өз беттерінше Өзбекстан мен Қырғызстанға көшіп кеткен 6000 қазақ өз күштерімен қайта көшіп келді. Қызылқұм, Қазалы және Созақ аудандарына да көптөген қазақтар қайта көшіп келіп жатыр. Қайта оралғандар шаруашылыққа араласып кеткен жоқ. Оларды орналастыру бойынша ешқандай жұмыстар жүргізіліп жатқан жоқ.

Бастық Молчанов
2-ші бөлім бастығы Люшков

Мұрағат құжаттарын ақтарып отырғанда кездескен кейбір мәліметтерден аудан халқының лауазымына, ұлтына, шыққан тегіне қарамастан жазықсыз қудаланған азаматтарды қорғап қалуға, аштан бұра-

райгазетінің бұрынғы редакторы, басқа мәлімет жоқ;

4. Мелдібеков (аты белгісіз), МТС бұрынғы директорының орынбасары, басқа мәлімет жоқ;

5. Омаров Испулла – Созақ РИК бұрынғы жауапты хатшысы, басқа мәлімет жоқ;

6. Раймжанов Бектемір – бұрын бай болған, басқа мәлімет жоқ;

7. Мырзақәрімов – бұрынғы райснабтың меңгерушісі, саудагер, басқа мәлімет жоқ;

Әминов Мирзарар – Союзпушниннің Созақ ауданы бойынша бұрынғы меңгерушісі, саудагер, басқа мәлімет жоқ.

ТАПТЫМ:

1933 жылы жоғарыда көрсетілген адамдар Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша ОГПУ тарапынан ауданның экономикалық қуатын әлсіретуге жұмыс жасаған зиянкес топтың мүшелері ретінде бақылауға алынған.

Аты аталған адамдар Созақ ауданының партия және кеңес ұйымдарында басшылық қызметте істей отырып, зиянкестік мақсатта жүйелі түрде колхоз мүлкін талан таражаға салып, колхоз малының басын кемітіп жіберген.

Әдейі төменгі партия кеңес ұйымдарын былғап, әлеуметтік зиянкес элементтермен былғады. Мақтаға арналған егіндік алқапты қысқартты, егінді қарауға жағдай жасамады.

Осындай зиянкестік әрекеттер нәтижесінде аудан экономикасын толық күйруге алып келді.

1934 жылы ОГПУ Оңтүстік Қазақстан облысы облысбөлімі істі ашып, топ жедел жоюлды, мүшелері қамауға алынды істері сотқа өткізілді.

«В» бөлімінің бастығының орынбасары, мемлекеттік қауіпсіздік подполковнигі Шумилов
«А» бөлімінің бастығы, мемлекеттік қауіпсіздік капитаны Гришин

Қорыта айтқанда, көріп отырғанымыздай тәуелсіздікке қол жеткізген соң КСРО кезінде қиянат көріп, қуғын сүргінге ұшыраған тұлғаларды анықтап, оларды қайта ақтау бойынша біршама жұмыстар атқарылып жатыр. Осы құжаттардың ішінен ауданымыздың тарихына, тарихи тұлғаларына, жылдардағы көрген қиыншылықтарына куә бола алатын құжаттарды әлі де болса жинақтай беретін боламыз.

Бұл мақалада тек Созақ өңірінде қуғынға ұшыраған байлар туралы аздаған мәліметтерді келтіріп отырмын. Болашақта, байларға қатысты ақпараттарды толықтыра түсіп, солақай саясат кесірінен қуғындалған созақтық зиялылар, ел адамы, молдалар мен сол кездегі қоғамның басқа да мүшелерін анықтап, жинақталған материалдарды кітап етіп шығаруды жоспарлап отырмыз.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

«Сыбайлас жемқорлық»

керлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да деп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйте-

сеніп тапсырылған бөтен мүлкті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот

Сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық азаматтың міндеті

деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «согупто» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «согуптіге» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайрат-

ке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу,

үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы.

С.ІЗБАЛАЕВ,
Кентау аумақтық сот орындаушылар бөлімінің сот орындаушысы.

Жемқорлықтың алдын алайық!

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жаып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігін шегінде кадр, бақылау, заңгерлік

және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілігінің ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдетіп түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Нұрбану СУЛТАНҒАЗИЕВА,
аудандық статистика басқармасының бас маманы.

БЖЗҚ

Салымшылардың жыл басынан бергі таза инвестициялық кірісі 501 миллиард теңгеден асты

2022 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының зейнетақы жинақтарының сомасы 13,7 триллион теңге болды. Бұл қаражаттың зейнетақы жарналары мен инвестициялық табысты қамтитыны белгілі.

Зейнетақы жинақтарындағы инвестициялық табыстың үлесі жыл сайын өсіп келеді. Жалпы, 2014 жылдан бері Ұлттық банк қамтамасыз еткен таза инвестициялық табыс (БЖЗҚ-да барлық зейнетақы активтерін біріктіру үрдісінің аяқталуы) 6,5 трлн теңгеге жетті.

2022 жыл геосаяси жағдай-

дың нашарлауы аясында қаржы нарықтарындағы жалпы тұрақсыздықпен сипатталады. Кезең басынан бастап инфляцияның өсуі және қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалауға байланысты және оң да, теріс те көрсеткіштерді көрсететін зейнетақы активтері кірістілігі көрсеткіштерінің құбылмалылығы байқалады.

Дегенмен, құралдар, салалар және валюталар бойынша портфельді әртараптандыру есебінен шілде ішінде өткен айлардың уақытша төмендеуін жапқан оң инвестициялық табыс алынды. Жеті айдың қорытындысы бойынша салымшылар мен алушылар-

дың шоттарына 501 млрд теңгеден астам инвестициялық табыс түсті. Зейнетақы активтері бойынша ҚР Ұлттық Банкімен қамтамасыз етілген соңғы 12 айдағы табыстылық (2021 жылдың шілдесінен 2022 жылдың тамызына дейін) 8,24% құрады.

Айта кету керек, зейнетақы жинақтары – бұл ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық табыстың мөлшерін кезінде 1 (бір) жыл кезеңінде талдау орынды. Қысқа мерзімді деректер (апта сайынғы, ай сайынғы және т.б.) – айқын нәтиже көрсетпейді, өйткені, ол нарықтың үнемі құбылмалылығына тәуелді.

«Сөзақ үні»-ақпарат.

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру заман талабы

Қазіргі таңда латын әліпбиі үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Латын әріптері графизация (әріп таңбалау) заңдылықтарына, яғни, «көру-қабылдау-тану» талаптарына да сай. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б. латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Латын графикасын қолданатын барлық елдердің әліпбиіндегі әріп саны тілдегі фонемалар санынан әлде қайда аз болуы да оның жетістігі болып табылады. Латын әліпбиінде әр түрлі диакритикалық таңбалар (нүкте, қос нүкте, сызықша, айшық, дәйекші т.б.), яғни қосымша белгілер арқылы көптеген елдің барлық фонемалары латынның 26 таңбасымен ғана белгіленуі жазу үнемділігін танытатын тиімді әліпби дәрежесіне жеткізіп отыр. Жазуға қойылатын басты талап лингвистикалық (тілді дәл жеткізу) бағытта ғана емес, техникалық жағдайларға (баспа ісі, компьютер, телефакс, интернет т.б.) да сай болуы керек. Қазір латын әліпбиі осы талаптар биігінен де көрінеді, сондықтан оның бұл артықшылығын ескеріп, халық өз еркімен таңдауға мүмкіндігі болып тұрғанда әлемнің озық елдері игілігін көріп, көпшілігі

қолдап отырған латын әліпбиіне біздің де көшкеніміз дұрыс деп білеміз.

Жазу-әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол өткен мен бүгінді, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Сондықтан жазу, алфавит адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын байлығымыз. Қазіргі орфографиямыздағы кейбір қиындықтарға қарап, «біздің жазуымыз осыншама сын көтермегені ме?» деп те ойлауға болмайды. Осы жазуымыз аға ұрпаққа білім беріп, оларды талай биіктерге жетеледі, қазақтың әдебиетін, мәдениетін, ғылымын көтерді, егеменді мемлекетімізге де қызмет етіп келеді. Енді жағдай өзгерді, біз бұрынғыны қанағат етіп қана қалмай, алға ұмтылған, әлемдегі дамыған озық елдердің деңгейінде ғана емес, алдыңғы қатардан көрінуге мүмкіндігі мол егеменді Қазақ елі ретінде әліпбиіміз бен жазуымызға да мемлекеттік тіл дәрежесіндегі Қазақ тілін әлемге таныта алатындай жағдай жасауымыз қажет. Латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиі мен жазуы қазақ елін осы биіктерге бастайтынына кәміл сенеміз.

Ә.ТҮРЖАНОВА,
Сөзақ аудандық сотының бас маман сот мәжілісінің хатшысы.

БЖЗҚ

Назар аударыңыз: алаяқтарға алданып қалмаңыз

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жаңа алаяқтық әдісі туралы ескертеді. Өзін «БЖЗҚ» АҚ қызметкерімін деп таныстырып, салымшының зейнетақы шотын ашу үшін қандай да бір банктік шотты толтыруды сұрайтын анықталмаған тұлғалардың бірлі-жарым қоңырау шалу жағдайлары басталды. Зейнетақы шоты, қоңырау шалушылардың айтуынша, сот ісін жүргізу үшін өтемақы төлеу бойынша шетелдік банктерден төлемдер қабылдау үшін қолданылады екен. Егер сіз ақша аударудан бас тартсаңыз, зейнетақы шоты бұғатталып қалады-мыс.

БЖЗҚ мұндай қоңыраулар БЖЗҚ қызметкерлерінен түспейтінін ескертеді және мұндай қоңыраулар түскен жағдайда әңгімені тоқтатуды сұрайды (!). Сондай-ақ, төмендегі заң тармақтарын естеріңізге саламыз:

- «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 50-бабының 3-тармағына сәйкес, салымшының (алушының) борыштары бойынша зейнетақы жинақтарына тыйым салуға немесе өндіріп алуға жол берілмейді.

- «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 98-бабы 14-тармағына сәйкес, салымшының (алушының) борыштары бойынша зейнетақы жинақтарынан өндіріп алуға болмайды.

Осылайша, сот орындаушысының немесе кез келген үшінші тұлғаның сіздің жеке зейнетақы шотыңыздағы зейнетақы жинақтарынан өндіріп алуы мүмкін емес.

Сіздің жеке зейнетақы шотыңыз ешқандай жағдайда бұғатталмайды!

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді.

«Сөзақ үні»-ақпарат.

ПРОЕКТ

Об утверждении проекта (схемы) зонирования земель Сузакского района, границ оценочных зон в населенных пунктах и поправочных коэффициентов к базовым ставкам платы за земельные участки

В соответствии с пунктом 2 статьи 8, пунктом 1 статьи 11 Земельного кодекса Республики Казахстан Сузакского районный маслихат решил:

1. Утвердить проект (схему) зонирования земель Сузакского района согласно Приложению 1 к настоящему решению.
2. Утвердить границы оценочных зон и поправочные коэффициенты к базовым ставкам платы за земельные участки в населенных пунктах Мактааральского района согласно приложению 2 к настоящему решению.
3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Секретарь Сузакского районного маслихата

Приложение 1 к решению
Сузакского районного маслихата
«__» _____ 2022 года
№ _____

Границы оценочных зон и поправочные коэффициенты к базовым ставкам платы за земельные участки в населенных пунктах Сузакского района

| № | Наименование сельского округа и населенного пункта | Ранее принятые коэффициенты 2003 г | Рекомендуемые поправочные коэффициенты 2022 г |
|---|--|------------------------------------|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | с Шолаккорган | 1,9-2,0 1,7-1,8 1,6-1,7 | 2,0 1,7 1,4 |
| | Шолаккорган а/о | | |
| 1 | с. Жеткіншек | — | 1,4 |
| 2 | с. Абай | 0,7-0,9 | 1,3 |
| 3 | с. Балдысу | 0,6-0,9 | 1,2 |
| 4 | с. Карабулак | 0,6-0,8 | 1,0 |
| | с/о Каракүр | | |
| 1 | с. Каракүр | 0,9-1,1 | 1,2 |
| 2 | с. Шаға | 0,7-0,9 | 0,9 |
| 3 | с. Раң | 0,7-0,9 | 0,9 |
| | с/о Каратау | | |
| 1 | с. Бакырлы | 0,9-1,0 | 1,2 |
| 2 | с. Ақсүмбе | 0,7-0,9 | 1,0 |
| 3 | с. Сарыжаз | 0,7-0,9 | 1,0 |
| | с/о Созак | | |
| 1 | с. Созак | 1,0-1,5 | 1,6 1,4 |
| 2 | с. Коктобе | 0,9-1,1 | 1,1 |
| 3 | с. Ыбырай | — | 1,1 |
| 4 | с. Кокпансор | 0,5-0,7 | 1,1 |
| 5 | с. Шақырық | 0,5-0,7 | 1,1 |
| | с/о Тасты | | |
| 1 | с. Тасты | 0,7-0,9 | 1,2 |
| 2 | с. Қылти | 0,7-0,9 | 0,8 |
| | с/о Сызган | | |
| 1 | с. Қозмолдақ | 0,9-0,1 | 1,4 |
| 3 | с. Қайнар | 0,9-1,2 | 1,3 |
| 4 | с. Басбулак | 0,7-0,9 | 1,2 |
| 2 | с. Сызган | 0,7-0,9 | 1,2 |
| | п/о Таукент | | |
| 1 | п. Таукент | 0,9-1,2 | 1,4 |
| 2 | с. Жыныс | 0,7-0,9 | 1,1 |
| | с/о Күмкент | | |
| 1 | с. Күмкент | 0,9-1,2 | 1,4 |
| 2 | с. Қызыл Қанат | 0,6-0,8 | 1,1 |
| 3 | с. Қызыл көл | 0,9-1,0 | 1,1 |
| | с/о Шу | | |
| 1 | с. Шу | 0,7-0,9 | 1,2 |
| | п/о Қыземшек | | |
| 1 | п. Қыземшек | 0,9-1,1 | 1,4 |
| 2 | с. Тайқоныр | 0,9-1,1 | 0,9 |
| | с/о Жуантобе | | |
| 1 | с. Жуантобе | 0,9-1,1 | 1,3 |
| 2 | с. Қоныратарық | 0,7-0,9 | 0,8 |
| | с/о Жартытобе | | |
| 1 | с. Жартытобе | 0,9-1,2 | 1,5 |
| 2 | с. Аққолтық | 0,7-0,9 | 1,2 |
| 3 | с. Баба ата | 0,7-1,0 | 1,3 |

Гүлмира ОСПАНОВА,
Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің бас маманы.

ЖОБА

Созақ ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схема), елді мекендердегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 8-бабының 2-тармағына, 11-бабының 1-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Созақ ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасы (схема) осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Созақ ауданының елді мекендердегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Созақ аудандық мәслихат хатшысы

Созақ аудандық мәслихатының
2022 жылғы «__» _____
№ _____ шешіміне
2-қосымша

Созақ ауданының ауылдық елді мекендердегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері

| № | Ауылдық округтері мен кенттер атауы | Алдыңғы төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері 2003 ж | Төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері 2022 ж |
|---|-------------------------------------|--|--|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | Шолаккорган а/о | 1,9-2,0 1,7-1,8 1,6-1,7 | 2,0 1,7 1,4 |
| | Шолаккорган а/оШ | | |
| 1 | Жеткіншек елді мекені | — | 1,4 |
| 2 | Абай елді мекені | 0,7-0,9 | 1,3 |
| 3 | Балдысу елді мекені | 0,6-0,9 | 1,2 |
| 4 | Қарабулак елді мекені | 0,6-0,8 | 1,0 |
| | Қарақүр а/о | | |
| 1 | Қарақүр а/о | 0,9-1,1 | 1,2 |
| 2 | Шаға елді мекені | 0,7-0,9 | 0,9 |
| 3 | Раң елді мекені | 0,7-0,9 | 0,9 |
| | Қаратау а/о | | |
| 1 | Бакырлы елді мекені | 0,9-1,0 | 1,2 |
| 2 | Ақсүмбе елді мекені | 0,7-0,9 | 1,0 |
| 3 | Сарыжаз елді мекені | 0,7-0,9 | 1,0 |
| | Созақ а/о | | |
| 1 | Созақ а/о | 1,0-1,5 | 1,6 1,4 |
| 2 | Көктөбе елді мекені | 0,9-1,1 | 1,1 |
| 3 | Ыбырай елді мекені | — | 1,1 |
| 4 | Қақпансор елді мекені | 0,5-0,7 | 1,1 |
| 5 | Шақырық елді мекені | 0,5-0,7 | 1,1 |
| | Тасты а/о | | |
| 1 | Тасты а/о | 0,7-0,9 | 1,2 |
| 2 | Қылти елді мекені | 0,7-0,9 | 0,8 |
| | Сызган а/о | | |
| 1 | Қозмолдақ елді мекені | 0,9-0,1 | 1,4 |
| 3 | Қайнар елді мекені | 0,9-1,2 | 1,3 |
| 4 | Басбулак елді мекені | 0,7-0,9 | 1,2 |
| 2 | Сызган а/о | 0,7-0,9 | 1,2 |
| | Таукент кенті | | |
| 1 | Таукент кенті | 0,9-1,2 | 1,4 |
| 2 | Жыныс елді мекені | 0,7-0,9 | 1,1 |
| | Күмкент а/о | | |
| 1 | Күмкент а/о | 0,9-1,2 | 1,4 |
| 2 | Қызыл Қанат елді мекені | 0,6-0,8 | 1,1 |
| 3 | Қызыл көл елді мекені | 0,9-1,0 | 1,1 |
| | Шу а/о | | |
| 1 | Шу а/о | 0,7-0,9 | 1,2 |
| | Қыземшек кенті | | |
| 1 | Қыземшек кенті | 0,9-1,1 | 1,4 |
| 2 | Тайқоңыр елді мекені | 0,9-1,1 | 0,9 |
| | Жуантобе а/о | | |
| 1 | Жуантобе а/о | 0,9-1,1 | 1,3 |
| 2 | Қоңыратарық елді мекені | 0,7-0,9 | 0,8 |
| | Жартытобе а/о | | |
| 1 | Жартытобе а/о | 0,9-1,2 | 1,5 |
| 2 | Аққолтық елді мекені | 0,7-0,9 | 1,2 |
| 3 | Баба ата елді мекені | 0,7-1,0 | 1,3 |

ХАБАРЛАНДЫРУ!**Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің назарына!**

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге күзгі дала жұмыстарын жүргізуге мемлекет тарапынан жеңілдетілген жанар-жағар майды (дизель отынын) жеткізіп беруші «Ай бегім» ЖШС-нің операторы Жеңіс тел.8-775-993-94-95 Ұялы телефоны, бағасы 201 теңгеден сатылымда тұрғандығын, қазіргі таңда жеңілдетілген жанар-жағар май Шолаққорған ауылдық округіндегі «Ақниет» жанармай құю бекетінде, Созақ ауылдық округіндегі «Теріскей» жанармай құю бекетінде тұрғандығын, ауылдық округтері мен кенттері әкімдіктерінің берген ұсынысына сай алуға ниет білдірген шаруаларға кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінен талон арқылы берілетіндігі хабарланады. Қосымша ақпаратты Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің Ұялы телефоны - 87785941710 арқылы хабарласып біле аласыздар.

**Арқарды атпаңыз,
жойылудан сақтаңыз!**

Тұмса табиғатты тілмен жеткізу мүмкін емес. Рас, біз өзімізді табиғатқа жақынбыз дейміз. Десе де, мүлдем олай емес секілді көрінеді. Жүгірген аң, ұшқан құс қамқорлық күтеді бізден. Тіпті, өсіп тұрған өсімдік те аялы алақанды қажет етеді. Оны жалған деп айта алмассыз. Осындай қамқорлық күтіп жүрген жануардың бірі – арқар. Тау мен тасты мекен еткен арқар жайында біздің халқымыз талай аңыз бен әпсана айтқан. Қазақ халқында жиі айтылатын «Арқарда қыс жылы болса, арқар ауып несі бар» деген де тәмсілдің айтылуы тегіннен тегін емес.

Еліміз бойынша арқардың негізгі бөлігі Қаратау баурайында мекен ететіні белгілі. Қазақстанның оңтүстік бөлігін бойлай жатқан тауда жүретін олар кезінде қамқорлықтың жоқтығынан біршама азайып қалғанын бәріміз де білеміз. Рас, бүгінгі таңда бұл аймақтар мемлекет қамқорлығына алынып, ондағы барлық табиғат құндылықтары бақыланып отыр. Десе де оған тоқмәйілісіп алаңсыз отырған да жөн болмас. Қоршаған ортаның құнды қазынасын қастер тұтқан қауым әрбір жүгірген аң мен ұшқан құсты, өсімдіктер әлемін көздің қарашығындай сақтауға көңіл бөледі. Арқар – Азия құрлығында мекен ететін жануардың бірі. Әсіресе, Тянь-Шань, Памир, Алтай тауларында кездеседі. Негізгі қонысы біздің қазақ даласы екен. Кең байтақ даламыздың көптеген бөліктерінде бар. Елімізде оның үш түрі кездеседі. Алғашқысы – Қаратау арқары. Олардың саны өте аз. Жойылуға жақын десек те болады. Тек Қаратауда ғана таралған. Таудың жазықтау жоталарында көзге ұшырасады. Жалпы саны – 100 басқа жуық. Одан кейінгісі Тянь-Шань тауының қазақстандық бөлігінде жүреді. Үшіншісі Солтүстік Қазақстан өңірін мекен еткен. Арқарлар өздері тіршілік ететін аймақтарға байланысты бөлінеді. Алтай тауының біздің еліміздегі бөліктерінде де арқарлар көзге ұшырасады.

Жалпы, біздің жануарлар дүниесін қорғаушылардың мақсаты – қоршаған ортамыздағы аң-құстарымыз бен жануарларымызды қорғау болып табылады.

Табиғатымыз – байлығымыз! Байлығымыз – жарқын болашағымыз! Арқарды атпаңыздар, жойылудан сақтаңыздар. Қорғай біліңіздер ағайын!

Ермек НАРБЕКҰЛЫ,
РМҚК жануарлар дүниесін қорғау охотзоопром өндірістік бірлестігінің инспекторы.

Жарамсыз деп танылсын

Уали Аминжан Ермұханмадұлының атына берілген әскери билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

**Жатқан жерің жайлы болсын
жан ана...**

Созақ ауылының тумасы, ардақты ана, асыл жан, аяулы жар, ұл-қыздары мен немерелерінің қамқоршысы болған **Сәрсекқызы Гүлстан** анамыздың дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

**Асыл ана, бәйітерегің саялы,
Ұл-қызыңа, немереңе құшағын кім жаяды?!
Сіз кеткеніңіз жылдың жүзі болса да,
Маңдайдағы алақаның аялы.
Жатқан жерің жайлы болсын анажан,
Бұл өмірдің тұрлауы жоқ, баяны,** - деп, анамыз

Сәрсекқызы Гүлстанның рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 1 қазан күні (30 қыркүйек – қонақ асы) Созақ ауылындағы қара шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: Мақұлбековтер отбасы.

Ботулизмнен сақтанайық!

Ботулизм - жиі жағдайда жүйке жүйесін зақымдайтын, қазаға ұшырау мүмкіндігі зор, тағам арқылы улану жұқпасы. Осы ауруға жиі шалдығу қауіпі консервіленген тамақ өнімдерін жаппай пайдалану кезінде артады. Адамдардың көпшілігі өнімдерді (балық, ет өнімдерін, консервіленген көкөністер мен саңырауқұлақтар т.б.) үй жағдайында қысқа дайындағанда немесе осындай өнімдерді көшедегі рұқсат етілмеген сауда орындарына сатып алған кезде, оның өңделуі, консервілеу тәртібінің сақталмауы туралы ойлана бермейді. Осы жерде «неге консервілер ботулизмге себеп болды?» деген сұрақ туындайды. Ботулизм қоздырғышы – токсин, оттегі жоқ жерде кездеседі. Мұндай оттегісіз орта тұмшаланып жабылған банкілерде, қатты тамақ өнімдерінде (шұжық, тұздалған, қақталған, ысталған балық т.б.) болады. Сол үшін осындай өнімдерді үй жағдайында дайындау барысында даярлау технологиясына мұқият көңіл бөлу керек. Етті, балықты дұрыс өңдеу, саңырауқұлақтарды, көкөністерді, жемістерді топырақтан дұрыс тазарту, өнімдерді жоғары температурада қыздыру, қайнату, қуыру керек.

Ботулизм қоздырғышының токсиндері барынша күшті улардың бірі және олар ауру тудырады. Аурушаңдықты тудыратын қоздырғыштың ерекшелігі: ыдыстың ішінде токсин бір жерге немесе көкөнiске ғана үйіліп, жиналуы мүмкін. Міне сон-

дықтан да бір ыдыстан бірге жеген өнімнен (саңырауқұлақ, көкөнiс, балық, ет) кейбір адамдар ауырып, кейбірі ауырмай жатады.

Уланудың алғашқы белгілері өнімді пайдаланғаннан соң 2-3 сағаттан кейін, кейде 7-10 күннен кейін пайда болады. Ағзаға түскен токсин («у») көбірек түскен сайын аурудың инкубациялық кезеңі де қысқарады және ағымы да ауырлай түседі. Улану көптеген белгілерімен бірінен кейін бірі жылдам әрі жедел туындайды: әлсіздік, бастың айналуы, бас аурулары басталады. Аурудың белгілері әртүрлі болып байқалады. Ботулизм сырқатының арнайы белгісіне көздің көгіштігінің және жұтынудың бұзылуы симптомдары жатады, көптеген жағдайларда аурудың алғашқы сағаттарына бастап дамиды. Науқастар көз алдындағы «тұманға», «торға», «қылпыққа» шағымданады. Әдеттегі жазуларды оқуы қиындайды. Ботулизм кезінде температура көтерілмейді, жүрек айнуы, құсуы, іш өтуі сирек байқалады.

Назар аударыңыз! Денсаулықты сақтау үшін мыналарды білу қажет:

1.Көше саудасы орындарындағы жеке тұлғалардан үй жағдайында консервіленген өнімдерді (балық, ет өнімдерін, консервіленген көкөнiстер мен саңырауқұлақтар т.б) сатып алудан аулақ болыңыз.

2.Тамақ өнімдерін сақтаудың температуралық режимін сақтаңыз (үй консервілерін 0-3 С температурада сақтап, қақпағы кө-

терілген банкілердегі өнімді жойыңыз).

3.Үй жағдайында тамақ өнімдерін даярлау технологиясын қатаң сақтаңыз (шикізаттарды, банкілерді, азық-түліктерді жоғарғы қызумен өңдеңіз). Өнімді консервілеуде тұз, қант пен қышқылдың мөлшерін тек рецепт бойынша салыңыз. Бұл токсиннің жиналмауына себепші болады.

4.Ең бастысы, үй жағдайында әзірленген кез-келген көкөнiс, жемiс-жидек, саңырауқұлақтар толығымен тазартылмайтынын естен шығармаған жөн. Ешқандай рецепт ботулиндік микробтардың пайда болуының алдын ала алмайды. Сондықтан үй жағдайында дайындалған өнімді пайдаланар алдында оны ыдысқа салып, 15-20 минут қайнату керек. Қайнату үрдісі пайда болған токсинді жойып жібереді. Өнімді пайдаланар алдында қайнату – ботулизмнің алдын алудың негізгі шарасы.

Ботулизмнің алғашқы белгілері пайда болған кезде өз бетіңізше емделмей, бірден медициналық көмекке жүгініңіздер!!! Сіздердің денсаулықтарыңыз бен өмірлеріңізді дер кезіндегі кәсіби медициналық көмек қана аман сақтап қала алады!!!

Э.ӘБДИНАБИ,
Созақ аудандық СЭББ,
санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау, техникалық регламенттерді бақылау бөлімінің басшысы.

Тұрғын үйдегі өрт қауіпсіздігі

Тұрғын үйлердегі және пәтерлердегі өрт оқиғалары көбінесе сол үйлерде тұрып жатқан тұрғындардың кінәсінен болып жатады. Сұрапыл апатты құбылыс жылдар бойы жыылған мүліктерді аяусыз жойып, адамдарға қайғы-қасірет әкеледі. Көбінесе оттың құрбаны болып өртке себепші өздері, олардың көршілері, балалары болып жатады.

Статистика бойынша тұрғын үй мен пәтерлерде өрттің шығуына негізгі себептер: тұрмыстық электр және газ аспаптарын пайдалану кезінде, пештердің дұрыс орнатылмауы мен қолдану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу, мас күйінде темекі тарту салдарынан, сонымен қатар электр өткізгіштерін дұрыс жүргізбегендіктен болып отыр. Егер Сіздің үйіңізде немесе пәтеріңізде электр өткізгіш сымдарына және электр аспаптарына зақым келсе тез арада электр маманын шақырыңыз.

ЕСІҢІЗДЕ САҚТАҢЫЗ :
Өртті болдырмау үшін Сізге мынадай өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаған жөн:

-Электр және газ құралдарын қосулы күйінде қалдырмаңыз, сондай-ақ оған балаларды жақындатпаңыз;

-Уақытша және зақымдалған электр өткізгіш сымдарын пайдаланбаңыз;

-Электреспеттегіштердегі электрсақтандырғыштар зауыттан дайындалған болуы тиіс;

-Үлкен көлемдегі электр құралдарын бір уақытта қосып электр жүйесіне күш түсірмеңіз;

-Газдың кемпіп қалуын тексеру үшін ашық отты қолданбаңыз;

-Сірікпені балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз;

-Бөлмені жылытуға бейберекет қолдан жасалған электр-жылытқыш құралдарын қолданбаңыз;

-Балалардың отпен ойнауына жол бермеңіз және оларды қараусыз қалдырмаңыз;

Өрт және жану оқиғасы болған кезде тез арада телефон арқылы 101-ге хабарласыңыз. Өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау-Сіздің үйіңіз бен мүлкіңізді оттан қорғайды!

С.Сейдахметов,
Созақ ауданындағы № 11 өрт сөндіру бөлімінің бастығының м.у.а, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

**СІЗДІҢ АС ҮЙІҢІЗДЕГІ
ЖАЛЫН ҚАУІПСІЗ БЕ?**

Ас үйде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін біз мыналардың естен шығармауыңызды ұсынамыз: Қараусыз қалып, пісіп жатқан тамақ өрттің шығуына себепші болуы мүмкін. Егер сіз тамақ пісіріп жатқан уақыт аралығында асүйден шығуыңыз қажет болса, плитаны сөндіруіңіз қажет. Балалардың сіз ас әзірлеп жатқанда конфорка мен электр пештеріне жақын келуіне жол бермеңіз. Плитаның жанына қорғағыш бұйым орнатуды ойластырыңыз. Ас үй орамалын, қолғап пен өзге де тұтанғыш материалдарды пештер мен электр плиталарынан қауіпсіз жерде ұстаңыз.

Тамақ дайындап жатқан майды абайлап қолданыңыз. Майды асықтай қыздырып, ыңғайлы өлшемдегі ыдыста қолданыңыз. Майдың шашырауына жол бермеу үшін жалынды қатты қыздырмау қажет. Су жанып жатқан майды өшірмейді-жанып жатқан майдың үстінен ешқашан су құймаңыз. Жанып жатқан майдың үстіне құйылған су оның одан әрі тез таралып, күйікке шалдығуға әкеледі. Егер тамақ әзірлеп жатқан май жанып кетсе, онда конфорканы өшіріп, ыдыстың қақпағын жауып, оған ауаның өтуіне жол бермеңіз. Ыстық майы бар не майы жанған ыдысты үйге кіргізбеңіз, өйткені жалынның өршіп, сізді күйікке шалдықтыруы мүмкін. Қақпағын алмас бұрын майдың сууын күттіңіз, өйткені май қайта жануы мүмкін. Егер ас үйде өрт шығып, оны өзіңіздің сөндіруіңіз мүмкін емес екенін түсінсеңіз, құралды өшіріп, дереу «101» телефоны арқылы өртке қарсы қызметіне хабарлаңыз.

М.ӘЛИМ,
Созақ ауданындағы № 11 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы азаматтық қорғау лейтенанты.

Бала-ұлт болашағы

Жалпы, рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу әрбір адамның келер шаңырағы – кітапхана. Кітапхана – сапалы білімнің сенімді кепілі. Рухани білімнің, рухани мәдениеттің ауадай қажеттілігі, маңыздылығы ешқашан мәнін жойған емес. «Адамға ауа қандай қажет болса, кітапхана да сондай қажет», – деп заңғар жазушымыз Оралхан Бөкей текке айтпаса керек.

да әдеби-конференция өткізілді.

Балалар әдебиетін тереңдетіп насихаттау, оқыту, әдебиеттің ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі, отбасындағы тәрбие, қоғаммен байланыс – әдеби конференция жұмысының өзегі болды. Аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Р.Райымқұлова «Балалар тәрбиесіндегі әже рөлі», ақын, драматург Б.Айдарбеков «Әке тағылымы- ұрпаққа

интернат - лицейінің кітапхана меңгерушісі М.Жәнібекова «Бала тәрбиесіндегі кітапхана мен отбасының байланысы», Созақ ОКЖ-сі кітапхананы дамыту бөлімінің басшысы Б.Бекмұратова «Балалар жылы - кітапханаларда» атты баяндамалар жасап, тренингтер, әңгімелер жүргізді.

Кітапхананың белсенді оқушылары Еркебай Әділжан, Жанысбай Әсем-ай өлең-жыр, үзінділер оқып, өз өнерлерін ортаға салды. Еркін форматта өткен іс-шара пікір алысуға жалғасып, түрлі әдеби ойындар, сергіту сәттері жүргізілді. Іс-шараға Абай, Сызған ауылдық кітапханалардың кітапханашылары Гүлайым Ошақова, Айгүл Чуменова және орталық кітапхананың дерекқор әкімшісі Дастанова Айдана іскерлік, психологиялық ойындарға қатысып белсенділік танытты. Кітапхана оқырманы Еркебай Әділжанның анасы Жәнібекова Гүлдана аталған тақырып бойынша өз ойын айтып, алғысын білдірді. Іс-шара аясында «Балалық шаққа-кітаппен» атты кітап көрмесі жасалынды.

Іс-шараны жүргізген аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі Ф.Маймақова әдеби жиынды қорытындылап, қатысушыларға Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімінің Сертификатын тапсырды.

Балалар жылында игі бастамалар жалғасын таба бермек.

Ғалия МАЙМАҚОВА,
Аудандық балалар
кітапханасының меңгерушісі.



Ауылдастары әрекет етуде

Жол мәселесі бүгінгі таңда әрбір ауыл, елді мекен үшін маңызды саналады. Күнделікті ары-бері ағылған көлік жолдың сапасына қарай қозғалыс жасайды. Жол жақсы болса сырғып баратын жеріңе көзді ашып-жұмғанша сарт етіп жетіп барасың. Жол нашар болса жол таңдап, шұңқырдан қашып баратын жеріңе итшілеп зорға жетесің. Осындай жолы тозып кеткен ауылдардың бірі Балдысу мен Қарабұлаққа баратын жол. Соңғы бір екі жылдың көлемінде ойдым-ойдым ойылып кеткен жол жүргізушілер мен жолаушылардың зықсынын шығарған. Осыны байқаған екі ауылдың азаматтары бірігіп, ортадан көлік, қаржы, шығарып өздері де қолдарына кетпен, күрек құрал-саймандарын алып Шолаққорған мен екі арада әр жолды сәл де болса ретке келтіруге тырысады.

Абылаев Анарбай, Алданов Нұржан, Дүйсенов Бекзат, Қақасов Қабыл, Асанбаев Бекжан, Алдабергенов Махат, Бексейітов Жангелді, Саңғылбаев Қуаныш, Дүйсенбаев Ербол, Шымырбаев Нұрбол, Жүзбаев Дәулетқали сияқты белсенді ауыл азаматтары екі арадағы жолдың ойылған жерлеріне цемент құйып шықты. Аттары аталған азаматтарға ауыл тұрғындары ризашылықтарын білдірсе, ауыл қариялары ақ батасын беріп жылы лебіздерін білдірді.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.



Биылғы 2022 жылды еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Балалар жылы» деп жариялап, өскелең ұрпақтың болашағына мән беріп, жастарға зор үміт артатынын, сондықтан да өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасау қажеттігін нақтылады. Осыған орай, Созақ аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен сан алуан сала қызметкерлері, өзінің саналы ғұмырын бала тәрбиесіне арнап келе жатқан аяулы аналар мен ұстаздар, кітапханашылардың қатысуымен «Бала – ұлт болашағы» тақырыбын-

өнеге», «Балауса» бала бақшасының әдіскері Н.Қуанышбаева «Балалық шақ бағдаршылары», Жастар ресурстық орталығының жас маман психологы Қ.Ыдырысова «Бала жүрегіне сүйіспеншілікпен жол табайық», Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп - лицейі директоры оқу ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы педагогтар ассоциациясының мүшесі Ж.Амалбекұлы «Балалар оқуы: дамыту және қолдау», ақын, аудармашы Г.Өмірбек «Әдебиеттің бастауы-балалар», Т.Әлімқұлов ат.мектеп

Өнегелі тәрбие отбасынан басталады

Созақ аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен Отбасы күніне арналған «Өнегелі тәрбие: Отбасынан басталады» атты кітапханашы қонақжайы өткізілді. Іс-шараны балалар кітапханасының меңгерушісі Ғалия Маймақова жүргізіп отырды. Іс-шараға Шолаққорған ауылдық округі әкімінің кеңесшісі - іс басқарушы Эльмира Сматава, кәсіпкер Ләйлә Тастыбаева, орталық емхананың дәрігер психологтері Ақмарал Тұрсынбай, Шолпан Түкебаева, кітапхана оқырмандарының аналары Орынша Әзімханқызы, Ескібаева Сайраш, Алмагүл Құрманбекқызы, Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің психологі Дана Дүйсен, ардақты аналар Айнұр Анарбекова, Маржан Сағынбек, Гүлжан Бакбергенова, Кенжекүл Тастыбаева, орталық кітапхананың құжаттарды өңдеу және жинақтау бөлімшесінің басшысы Айтбала Қыстаубаева, Ақпараттық – библио-



графиялық қамтамасыз ету бөлімшесінің басшысы Бақшагүл Момыновалар қатысты. Іс-шара барысында отбасындағы бала тәрбиесі, ата-ананың рөлі, қазіргі таңдағы жалпы

жастар тәрбиесі туралы пікір алмасып, өз ойларын ортаға салды. Іс-шарада «Ұлт қазығы-өнегелі тәрбие» тақырыбында ашық кітап көрмесі ұсынылды. Көрмемен Ақпа-

раттық – библиографиялық қамтамасыз ету бөлімшесінің басшысы Бақшагүл Момынова таныстырды. Орталық емхананың дәрігер психологтері Ақмарал Тұрсынбай, Шолпан Түкебаевалар қатысушылармен психологиялық тренинг жүргізіп, екі жақтың жұмыс бағдарын саралай отырып, қорытынды пікірлерін атап көрсетті. «Мыңжылқы» мәдениет сарайының өнерпаздары әсем ән жолдап, шараға ерекше серпіліс беріп, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Іс-шара соңында балалар кітапханасының меңгерушісі Ғалия Маймақова аталған тақырып төңірегінде өз ойын ортаға салып, отбасы күнімен құттықтап, іс-шараны қорытындылады.

Кенжекүл ТАСТЫБАЕВА,
Созақ аудандық балалар
кітапханасының
кітапханашысы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшының міндетін
уақытша атқарушы:
Нұрсұлтан Шертаев
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолаққорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев